

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛДІ»

Директор

ҚМҚБ «Қарағанды технология және сервис колледжі»

Мағзиєв Ж.Д.

«19» 05 2023 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды қ. ҚММ «№ 39 М.Жұмабаев атындағы

гимназия» директоры

А.А. Жалелов

«19» 05 2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды университетінің

Басқарма Төрағасы, Ректоры

Дулатбеков Н.О.

«30» 05 2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Дайындық бағыты бойынша «7М014-Жалпы дамудың пәндік мамандандыруымен мұғалімдерді дайындау»
«7М01401-Кәсіптік оқыту»**

Деңгейі: Магистратура

Дәрежесі: «7М01401-кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

Қарағанды, 2023

«7M01401 Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы негізінде жасалған:

- Қазақстан Республикасының Заңы; 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы»;
- Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы»;
- - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- -Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиямен 2016 жылғы 16 наурыздағы ұлттық біліктілік шеңберін бекіту туралы.
- - ҚР БҒМ 2018 жылғы 2 қазандағы №152 «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- - 2018 жылғы 13 қазандағы №569 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы.
- - Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 484 қаулысы.
- - «Педагог» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша).

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының ПАСПОРТЫ	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды және классификаторы	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредит көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін дәреже	4
8	ББ түрі	4
9	БХСЖ деңгейі	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	ББ ерекшеліктері	4
	Серіктес ЖОО (ПКҚ)	
	Серіктес ЖОО(КДОП)	
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	ББ мақсаты	4
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Түлек лауазымдарының тізбесі	4
б)	Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері	4
в)	Түлектің кәсіби қызмет түрлері	4
г)	Түлектің кәсіби қызметінің функциялары	4
17	Түлек моделі	14

Білім беру бағдарламасының паспорты (әрі қарай - ББ)

1. **Білім беру бағдарламасының коды және атауы:** «7M014 Кәсіптік оқыту»
2. **Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды және классификаторы:** 7M01 – Педагогикалық ғылымдар, «7M014 – Кәсіптік оқыту»
3. Білім беру бағдарламаларының тобы: M008
4. Кредит көлемі: 120 академиялық кредит саны
5. Оқу түрі: күндізгі
6. Оқу тілі: қазақ, орыс
7. Берілетін дәрежесі: педагогика ғылымдарының магистрі
8. Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы ББ
9. БХСЖ бойынша деңгейі: 7 деңгей
10. ҰБШ бойынша деңгейі: 7 деңгей
11. СБШ бойынша деңгейі: 7 деңгей
12. ББ ерекшеліктері -
Серіктес ЖОО (ПКҚ)-
Серіктес ЖОО(КДОП)-
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:KZ83LAA00018495 (16).
14. Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі: сертификат SA-A №0156/5 агентство НКАОКО от 27.05.2019. 24.05.2024 жылға дейін жарамды.
15. ББ мақсаты: жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру жүйелерінде педагогикалық, оқу-өндірістік және ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметті жүзеге асыру үшін тиісті жеке және кәсіби құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті педагогика ғылымдарының магистрлерін даярлау, сондай-ақ ғылыми қағидаттар негізінде білімнің, өндірістің және қоғамның тез өзгеретін қажеттіліктеріне бейімделу.
16. **Түлектің біліктілік сипаттамасы:**
 - а) Бітіруші лауазымдарының тізбесі: бітірушілер келесі мамандықтар бойынша кәсіби құзыреттілікке ие бола алады: "техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары білім беру жүйесінде арнайы пәндер педагогы (өндіріс салалары бойынша), өндірістік оқыту шебері, қосымша білім беру педагогы (Жұмыс кәсіптерінің топтарын даярлау және қайта даярлау)", Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің басқарма төрағасы орынбасарының бұйрығымен бекітілген кәсіби стандарттарға сәйкес "Атамекен" ҚР кәсіпкерлер палатасы 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133
 - б) түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:
 - жоғары оқу орындары;
 - педагогикалық колледждер;
 - қосымша білім беру жүйесі (ЖОО-да және педагогикалық колледждерде оқытушы; педагогикалық ғылыми мекемелердің қызметкері)

в) түлектің кәсіби қызмет түрлері:

- білім беру (оқу-тәрбие, педагогикалық);
- ғылыми-зерттеу;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-басқарушылық;
- жобалық;
- мәдени-ағартушылық.

г) түлектің кәсіби қызметінің функциялары:

- педагогикалық: білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, өз бетінше білім алуға, оқу сабақтарын құрастыруға үйретеді, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде АКТ және т. б. пайдаланады; білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тартады, педагогикалық әдепті, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтайды, білім алушылардың тұлғасына құрмет көрсетеді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие процесін құрады және т.

- зерттеу: білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін пайдаланады;

- әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, білім берудің стейкхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларды іске асырады және т. б.

- әдістемелік: білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлайды, әдістер мен тәсілдерді айқындайды, оқу материалдарын сабақтың қойылған мақсаттарына сәйкес әзірлейді және т. б.

Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Қоғам туралы білімді біртұтас жүйе және тұлға ретінде қолданады, қазіргі қоғамдағы ғылыми зерттеулерді дамытуда қабылданған әдістердің нақты реттілігін, тараптардың құқықтарын қорғау саласындағы заңды мүдделерін қолданады. Жеке және заңды тұлғалар, кәсіпкерлікті жүргізудің экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, зиянды және қауіпті факторлардың адамға және табиғи ортаға әсері қолданады.
	ОН 2	Өзінің кәсіби қызметінде ол қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық және демократиялық құндылықтардың басымдықтары бойынша өзінің азаматтық ұстанымын бекітеді.
	ОН 3	Қазіргі заманғы АКТ-ны қолдануды қоса алғанда, білім беру және өндірістік объектілерге жобалау, инженерлік есептерді орындап, шешеді.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills)	ОН 4	Қазақ және шет тілдерінде коммуникация арқылы, оқытудың ақпараттық-технологиялық технологияларын пайдалана отырып, техникалық және кәсіптік білім беру, (қосымша кәсіптік білім беру) жүйелерінде педагогикалық процесті жүзеге асырады.
	ОН 5	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйелеріндегі (қосымша кәсіптік білім беру) педагогикалық процесті ұйымдастыруда, жоспарлауда және басқаруда инклюзивті білім беру негізінде іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған және технологиялық тәсілдерді түсіндіреді.
	ОН 6	Берілген параметрлер бойынша сызба деректері бойынша машина жасау сызбаларын, сызбалар мен графиктерді, шекті өлшемдер мен төзімділік шамаларын есептеуді оқиды және рәсімдейді.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 7	Құрылыс өндірісі саласындағы технологиялық операцияларды орындайды/ матаны тараптық өңдеу бойынша технологиялық операцияларды орындайды.
	ОН 8	Құрылыс өндірісі / тігін бұйымдарын құрастыру, модельдеу және жасау саласындағы кәсіби-технологиялық құзыреттіліктерді көрсетеді.
	ОН 9	Тиімді қарым-қатынастың әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Онлайн платформаларды ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлейді.
	ОН 10	Кәсіби және технологиялық құзыреттіліктерін көрсетеді.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модульдің атауы	Пәндердің атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық және тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4
ОН 7		Жоғары мектеп педагогикасы	4
ОН 7		Басқару психологиясы	4
ОН 8		Педагогикалық практика	4
ОН 2	Кәсіби тілдер	Шет тілі (Кәсіби)	4
ОН 2		Кәсіптік білім беру жүйесіндегі шетелдік терминология	4
ОН 3	Ғылыми-зерттеу қызметінің өзекті мәселелері	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру Креативті менеджмент	5
ОН 3, ОН 8		Кәсіптік білім беру жүйесіндегі инновация Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы трендтері	5
ОН 4	Білім беруді цифрландыру негіздері	Электрондық білім беру ресурстарын құру технологиялары	4
ОН 5		Медиадидактика	4
ОН 8		Ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологиялар (ағылшын тілінде)	4
ОН 9		Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде цифрлық ортаны дамыту	4
ОН 6, ОН 8	Кәсіптік білім беру жүйесіндегі ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздері	Жобалық оқытуды ұйымдастыру Шығармашылық педагогикасы	5
ОН 2, ОН 6		Қосымша білім беру бағдарламаларын жобалау Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі қызметтің шығармашылық стилі	5
ОН 6, ОН 10		Жоғары мектепте кәсіптік оқыту әдістемесі Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде педагогикалық эксперимент ұйымдастыру	5

ОН2 ,ОН 3, ОН 7		Жоғары мектепте оқу процесін ұйымдастырудың ғылыми негіздері Сыни ойлауды қалыптастыру әдістері	5
--------------------	--	--	---

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN p/p	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кре дит сан ы	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)									
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті													
1	Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылым тарихы мен философиясы оның тарихи дамуындағы және өзгеретін әлеуметтік-мәдени контекстегі ғылыми білімнің жалпы заңдылықтарын зерттеу ретінде. Ғылым философиясы және ғылым әдіснамасы. Ғылым танымдық іс-әрекет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт ретінде және мәдениеттің ерекше саласы ретінде.	4	+									
2	Жоғары мектеп педагогикасы	Жоғары мектеп педагогикасы белгілі бір мамандықтар үшін жоғары білім беру мәселесін шешу және магистранттардың болашақ кәсіби қызметінде осы мазмұнды дамыту процесін басқаруды игеру ретінде ғылыми негізге қоюға арналған. Жоғары мектеп педагогикасы заманауи оқу процесіне қойылатын талаптарды ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді	4							+			
3	Басқару психологиясы	Магистранттарда басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары туралы жүйелі идеяларды қалыптастыру, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік психологиялық білімді қолдану ерекшеліктерін ашуда, тиімді басқарудың негізін құрайтын әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдыларын игеруде.	4							+			
4	Педагогикалық практика	Практика бағдарламасын меңгеру нәтижесінде магистранттар: жоғары білім беру ұйымдарында оқу процесін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алуға; өз қызметін және білім алушылардың қызметін жоспарлауға және ұйымдастыруға; оқытудың қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін әдістерді таңдауға; педагогикалық қызметті талдауға, қазіргі заманғы технологияларды пайдалануға тиіс.	4		+	+				+			
5	Шет тілі (Кәсіби)	Пән магистратураның негізгі білім беру бағдарламасының жалпы ғылыми оқу циклінің негізгі бөлігін жүзеге асырады және кәсіби мүдделер саласында мәдениетаралық және коммуникация құралы ретінде шет тілін белсенді меңгерген жоғары білікті мамандарды даярлауды жүзеге асыру процесінің органикалық бөлігі болып табылады.	4		+								
Жалпы білім беретін пәндер циклі Таңдау бойынша Компонент													

6	Жобалық оқыту-ды ұйымдастыру	Жобалық оқытудың мәні мен ерекшеліктері. Білім беру қызметіндегі жобалардың түрлері. Жобалық оқытуды ұйымдастыру логикасы мен қатысушылары. Жобалық қызметті орындау кезеңдері. Жобалау қызметі барысында зерттеу жүргізудің әдістері мен құралдары. Жобалау қызметінің нәтижелерін ұсыну	5						+		+		
	Шығармашылық педагогикасы	Қазіргі кәсіби білім беру жағдайында дарындылықты дамытудың өзекті мәселелері. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде қосымша білім беруді дамыту қағидаттары. Дарындылықтың дәстүрлі және заманауи тұжырымдамалары. Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық дарындылығы. Дарынды білім алушылармен жұмыс істейтін кадрларды даярлауға қойылатын жалпы талаптар.							+		+		
7	Қосымша білім беру бағдарламаларын жобалау	Кәсіби құзыреттілікті мақсатты үздіксіз арттыруға, оның ішінде еңбек нарығының талаптарына уақтылы сәйкес келу мақсатында бағытталған қосымша кәсіптік білім беруді жобалау кезеңдері. Қосымша білім беру ұйымдарына арналған кәсіптік оқыту бағдарламалары. Қосымша білім беру ұйымдарының нысандары.	5			+			+				
	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі қызметтің шығармашылық стилі	Шығармашылық қызмет педагогикалық процестің тиімділігінің шарты ретінде. Педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі ретінде педагог қызметінің стилі. Білім беру технологиялары және педагогикалық шығармашылық. Белсенді дәстүрлі емес дәрістер. Дискуссиялық оқыту әдістері. Педагогикалық техника педагогикалық шығармашылықтың элементі ретінде. Педагогикалық импровизация.				+			+				
8	Жоғары мектепте кәсіптік оқыту әдістемесі	Педагогикалық білімнің ғылыми саласы ретінде жоғары мектепте кәсіптік оқыту әдістемесі. Кәсіби мектеп педагогтерінің әдістемелік қызметінің құрылымдық компоненттері. Ақпарат - ғылым мен білімнің ресурсы. Оқу пәндерінің оқу деңгейлері. Жоғары мектептегі педагогикалық процесс әдістерінің түсінігі мен мәні. Оқытудың белсенді әдістері. Оқыту әдістерін таңдау	5						+				+
	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде педагогикалық эксперимент ұйымдастыру	Теориялық зерттеу әдістері. Эмпирикалық зерттеу әдістері. Зерттеудің эмпирикалық деңгейінде де, теориялық деңгейде де қолданылатын әдістер. Зерттеу процесі кезеңдерінің құрылымы мен мазмұны. Педагогикалық эксперименттің мәні мен түрлері. Эксперимент нәтижелерін өңдеудің статистикалық әдістері.							+				+
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті													

9	Электрондық білім беру ресурстарын құру технологиялары	Электрондық білім беру ресурстарын құру технологиялары. Электрондық білім беру ресурстары Заманауи педагогикалық құрал ретінде: ұғымдар, түрлер. Ашық білім беру модульдік мультимедиялық жүйелер. Электрондық оқулықтар. Тестілеу жүйелері. Жалпы мақсаттағы сервистік бағдарламалық құралдар. Электрондық білім беру орталарында оқу процесін модельдеу	4					+						
10	Медиадидактика	Қазақстандағы медиабілім дамуының негізгі тарихи кезеңдері. «Медиа қалыптастыру», «медиа дидактика», «медиа сауаттылық» ұғымдарын тұжырымдаудың әртүрлі нұсқаларын салыстыру. Медиадидактикалық іс-әрекет үшін мұғалімдерге қажет кәсіби күзиреттіліктерді жіктеу.. Кәсіби-педагогикалық қызмет саласындағы зерттеулердің белсенді дамып келе жатқан бағыттарының бірі ретінде цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру	4					+						
11	Ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологиялар (ағылшын тілінде)	Қоғамды ақпараттандыру. Ақпараттық жүйелер, құрылымы және жіктелуі. Ақпараттық технологиялар, құрылымы және олардың жіктелуі. Деректерді өңдеудің ақпараттық технологиясы. Басқарудың ақпараттық технологиясы. Сараптамалық жүйелердің ақпараттық технологиясы. Ақпаратты рұқсатсыз кіруден қорғау. Ақпаратты компьютерлік вирустардан қорғау.	4									+		
12	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде цифрлық ортаны дамыту	Білім беруді цифрландыру негіздері, электрондық білім беру ресурстарының типологиясы, электрондық білім беру ресурстарын құру технологиялары, желілік, мультимедиялық және интернет-технологиялар, негізгі Smart және E-технологиялар. Оқытудың цифрлық білім беру технологиялары арқылы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру. Білім беруді цифрландыруды пайдалану арқылы педагогикалық процесті ұйымдастырудың кәсіби деңгейінде жобалау және жүзеге асыру тәсілдерін меңгеру.	6										+	
Бейіндік пәндер циклі Таңдау бойынша Компонент														
13	Кәсіптік білім беру жүйесіндегі шетелдік терминология	Шетелдік аудиторияда педагогикалық терминологияны функционалдық және қолданбалы терминология проблемалары тұрғысынан оқыту мәселелері. Қазақстан Республикасындағы кәсіби педагогиканың ұғымдық-терминологиялық жүйесінің даму және қалыптасу үрдістері. Педагогикалық сөздіктер педагогикалық білім беру бағдарламаларының студенттері үшін оқу терминологиялық деректер базасын қалыптастыру көзі ретінде.	4			+								
	Кәсіптік білім беру жүйесіндегі терминологияны	Жобалау техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық пәндер бойынша оқу терминологиялық деректер базасын лингводидактикалық әзірлеудің негізі ретінде.				+								

	оқыту	Педагогикалық пәндер бойынша оқу терминологиялық деректер базасының құрылымы мен мазмұны. Педагогикалық терминология бойынша тапсырмалар жүйесі оқу терминологиялық деректер базасының аспаптық компоненті ретінде											
14	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың құқықтық негіздері. Зияткерлік меншікті қорғаудың құқықтық тетіктері. Стартап-компания үшін заңды тұлғаның оңтайлы ұйымдық-құқықтық нысанын айқындау және оны құру. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру технологиясы. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын бизнес-жоспарлаудың мазмұны мен мақсаттары.	6		+								
	Креативті менеджмент	Шығармашылық Менеджмент, білім сапасы, басқару жүйесін құру туралы түсінік. Білім беру мазмұны мен сапасын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері. Жалпы білім беру жүйесінің сипаттамасы; кәсіптік білім берудің сипаттамасы; білім беруді дамыту тұжырымдамалары; білім беру жүйесінің шетелдік модельдері, білім беру мәдениеті.			+					+			
15	Кәсіптік білім беру жүйесіндегі инновация	Педагогикалық инновация-бұл білім беру субъектілеріне қатысты педагогикалық инновациялардың пайда болуы мен дамуының табиғатын, заңдылықтарын зерттейтін, сонымен қатар педагогикалық дәстүрлердің болашақ білім беруді жобалаумен байланысын қамтамасыз ететін ғылым. Педагогикалық инновация білім беру практикасының даму процестерін оған бұрын болмаған компоненттерді енгізу арқылы зерттейді	5		+					+			
	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы трендтері	Мастер-класс: оқу материалын ұсынудың жаңа формалары. Квест білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамыту құралы ретінде. Студенттердің ЖОО-да оқу процесіне ынтасын қалыптастырудың әдістемелік тәсілдері. Түлектердің әлеуметтік-кәсіби ұтқырлығын дамытудың шарты ретінде оқу процесін ұйымдастырудағы білім беру процесінің тәжірибеге бағытталған бағыты.			+					+			
16	Жоғары мектепте оқу процесін ұйымдастырудың ғылыми негіздері	Жоғары мектептегі ғылыми зерттеулердің әдіснамасы. Ғылыми зерттеулердің категориялары мен түсініктері. Білім берудің заманауи үрдістері. Дербес ғылыми-зерттеу жұмыстарында ғылыми зерттеудің нақты әдістерін қолдану. Бағдарламаларды дамыту және жетілдіру міндеттерін; ЖОО-да оқу процесін ұйымдастыру кезінде ғылымның инновациялық зерттеу тәсілдерін анықтау.	6										
	Сыни ойлауды қалыптастыру әдістері	«Сыни ойлау» ұғымы және оның сипаттамалары. Сыни ойлауды дамытудың білім беру технологиясы. Сыни ойлауды қалыптастыру әдістері. Сыни ойлауды қалыптастыру әдістері мен стратегиялары: кластерлер, инсерт, интерактивті дәріс, қалың және нәзік сұрақтар және т.б. материалды ұйымдастырудың визуалды әдістері. Стереотиптердің мағынасы мен қарсылығын іздеу			+	+				+			

Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін ғылымның қазіргі заманғы тарихы мен философиясының, қолданбалы жаратылыстану-ғылыми пәндердің өзекті білімдерін көрсетеді	интерактивті дәріс	тест
ОН 2	Кәсіби қарым-қатынас саласында сөйлеу этикетінің нормаларын қолданады	кейс-әдістер	коллоквиум
ОН 3	Инновациялық технологияларды коммерцияландырудың негізгі әдістері мен модельдерін қолданады	жобалық оқыту	презентациялар
ОН 4	Электрондық білім беру ресурстарын құру технологияларын меңгерген	пікірталас	жобаны дайындау
ОН 5	Ғылым мен білім беруде заманауи ақпараттық технологияларды қолданады	Жобалық оқыту	презентация
ОН 6	Техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру жүйесінде цифрлық ортаны дамыту бойынша құзыреттерді көрсетеді	Дөңгелек үстел	портфолио
ОН 7	Педагогика және психология бойынша алған білімдерін практикалық қызметте қолданады	Интеактивті дәріс	Презентация
ОН 8	Оқыту мен оқытуда инновациялық тәсілдерді қолданады, сабақ өткізу барысында әртүрлі формалар мен әдістерді қолданады, соның ішінде ағылшын тілінде	дөңгелек үстел	Жобаны дайындау
ОН 9	Нормативтік-құқықтық құжаттама негізінде білім беру ұйымдарының тұтас педагогикалық процесін басқаруды жобалау және талдау дағдысы бар	Жобалық оқыту	Шығармашылық тапсырма
ОН 10	Зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде туындайтын әдіснамалық проблемаларды, оның ішінде пәнаралық салаларда талдау дағдыларын меңгерген	VarCamp	Портфолио

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі**Түлектің атрибуттары:**

- Техникалық және кәсіптік білім беру саласында ғылыми-педагогикалық құзыреттерге ие
- Кәсіби оқыту әдістемесі мен сыни ойлауды қалыптастыру стратегияларын меңгерген
- Ғылыми-педагогикалық зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қабілетті;
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ұйымдастыру-басқару қызметін жүзеге асырады
- Эмоционалды интеллект
- Әлеуметтік интеллект

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	Кәсіби қарым-қатынас саласындағы сөйлеу этикетінің нормаларын қолдана отырып, қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін ғылымның, қолданбалы жаратылыстану-ғылыми пәндердің қазіргі тарихы мен философиясының өзекті білімдерін көрсетеді, сондай-ақ инновациялық технологияларды коммерцияландырудың негізгі әдістері мен модельдерін қолдануға қабілетті
2. Сандық құзыреттер (Digital skills):	Ғылым мен білім берудегі заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, электрондық білім беру ресурстарын құру технологияларын меңгерген және техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру жүйесінде цифрлық ортаны дамыту бойынша құзыреттерді көрсетеді
3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)	Оқыту мен оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, іргелі психологиялық-педагогикалық дайындыққа ие, сабақ өткізу барысында түрлі формалар мен әдістерді, соның ішінде ағылшын тілінде қолданады. Нормативтік-құқықтық құжатта негізінде білім беру ұйымдарының тұтас педагогикалық процесін басқаруды жобалауға және талдауға қабілетті, зерттеу және практикалық міндеттерді, оның ішінде пәнаралық салаларда шешеді

Құрастырушылар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., профессор

Аға оқытушы, магистр

«7М01401 - Кәсіптік оқыту» ББ бойынша 2 курс магистранты

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралды

Білім беру бағдарламасы академиялық кеңестің отырысында қаралды

Білім беру бағдарламасы университет басқармасының отырысында қаралып, бекітілді № 4 хаттама 30.05.2023

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректоры**Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директор м.а.****Педагогикалық факультет деканы**

Г.С.Шрайманова

Г.А.Ахметжанова

Ю.А.Мазитова

№ 10 хаттама 24.04.2023

№ 5 хаттама 28.04.2023

Т.З.Жүсіпбек

С.А. Сманлова

С.А. Муликова